

*Кітап—адамзаттың ақыл-
ойының інжу-маржанын бойына
жинайды да, оларды ұрпақтан-
ұрпаққа жеткізеді, біз бір уыс күл
топыраққа айналамыз, ал кітаптар
дәл бір темір мен тастан қашалып
жасалған ескерт-кіштердей, ғасыр-
лар бойына сақталады.*

Мұса Айбек

*Кітап—өмір ұстазы.
Сондықтан жастар кітап оқуды
күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап
оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін
емес.*

Серке Қожамқұлов.



Қызмет көрсету бөлімі


**Жаңа түскен
кітаптар**

Адрес: Жаңаарқа ауданы,
Атасу кенті,
С.Сейфуллин даңғылы 25.
Телефон: 2-67-10

Жаңаарқа 2021 жыл



Бұл кітапта қазақтың 8675 мақал-мәтелі жинақталған. Басқа жинақтардан ерекшелігі—халық ауыз әдебиетінде ертеден келе жатқан, бірақ бұрын-соңды қолданысқа түспегшең тың мақал-мәтелдер топтастырылған. Оқырман қауым өздерінің сөздік қорын жаңа дүниелерімен толықтырыла отырып, жақсы өсиет, мол тәлім-тәрбие алары сөзсіз.



«Ағаш бесіктен жер бесікке дейін» деп аталатын бес томдық жинақта қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, ойын-сауықтары, халықтық дәстүр тәрбиесі, ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан


халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдары, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жететін қазақтың ырым-салттар, қыз, ұлды тәрбиелеу, отбасы тәрбиесі, бата-тілек туралы айтылады. Бұл кітаптар оқырманға арналады, қазақ оқырманына тұңғыш рет ұсынылып отыр.



Бұл-қорланып, қоюланып жеткен қазақтың дәстүрлі тазалық мәдениетінің жәдігері. Тазалықты әуелден денсаулық кепілі деп білген қазақ халқы оның тән тазалығын сақтаумен бірге салт-дәстүрлермен, жол-жосындармен, исламдық қағидалармен сабақтасатын жан, қан және рух тазалығына да ерекше көңіл бөлген. Қоларыңызға ұсынылар жинақта ұлт пен отбасы тазалығы, тән мен қан тазалығы, күнделікті қолданылатын тұрмыстық мүліктердің тазалық рөлі, діни сенім тұрғысындағы жан тазалығымен әрісі рухани пәктігі кепілдендірер тазалық таразыланады. Қазақтың тазалық мәдениетінің тамыры тереңде екендігіне осы кітапты оқи отырып көз жеткізесіз.



Белгілі жазушы Эрнест Төрехановтың «Алматыда күн ашық» романының 2-кітабында тәуелсіздік жылдарында өмір сүріп отырған қазақ зиялы қауымының бастан кешкен оқиғалары, нарық заманының бергендері мен алғандары, ұлттық мүдде мен жекеменшік мүддесінің қым-қиғаш тартыстары суреттеледі.



Қазақтың көрнекті ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулеттің бір томдық кітабына соңғы жылдарда жазылған жаңа жырларымен қатар таңдаулы лирикалары мен балладалары, ақ өлеңдері және поэмалары енгізілді. Ақын өз жырларында тіл мен діл, ұлт пен ұрпақ тағдырына алаңдап, табиғат пен сана-сезім, адам мен қоғам арасындағы тылсым байланыс сырына үңіледі.



Настоящий Альманах подготовлен Литературным объединением «Магнит» г.темиртау. Его издано приурочено к 65-летию родного города и празднованию 20-летия Независимости Республики Казахстан. Это —первое коллективное, в содружестве с творчеством художников, издание стихов поэтов Темиртау-«Трудовой колыбели» Первого Президента страны, отражающее духовный облик современников, исторические судьбы города и его Казахстанской Магнитки, возникших в степях Сарыарки. Стихи посвящены и выдающимся деятелям Казахстана и России, а также Президенту РК—Н.А.Назарбаеву.



Бұл кітапта ақынның сырлы сезімге толы өлеңдері жинақталған. Автордың шалқар шабытпен жазылған мөлдір жырлары жүректі баурап қана қоймай, көңілдің нәзік қалтарысына бойлай түседі. Кеңшілік Мырзабеков өлең үнімен көл-көсір сыр ақтарып, оқушысын ізгілікке, мөлдіреген тазалыққа үндейді. Талғамы биік оқырман автордың айрықша қолтаңбасын аңдайтыны анық.



Бұл кітапта даңқты ғалым, жүйрік ойлы жазушы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, ірі қоғам қайраткері Евней Арыстанұлы Бекетов туралы естеліктер жинақталған. Олардың көпшілігін Евекеңмен қызметтес болған ғалымдар, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері, біразын азаматты көрген, тілдескен адамдар жазған.




Дарынды әрі жанашыл ақын Сәбит Бексейіттің «Дүрия дүние» жыр кітабына соңғы кезде жазған өлеңдері мен толғау-дастандары топтастырылды. «Дүрия дүние» - ақынның ізденіске толы сан қырлы шығармашылығын қамтитын жыр жинағы.



Әдебиеттегі дәстүр жалғастығының бірден-бір көрсеткіші, бүгінгі қолына қалам ұстаған, көкейінде сөз өнерін пір тұтқан жас өркен екендігі белгілі. Сондықтанда ұлттық әдебиетіміздің бүгінгі жас буынының талабына қолдау көрсетіп, болашағына ақ жол тілеу—игілікті іс-шара болмақ. Бұл жинақта осындай өлеңге ғашық жастардың тауқарындай таза, бұлақ суындай мөлдір өлең-жырлары топтастырылған.



Бұл жинаққа ақынның соңғы жылдарда жазған жырлары топтасырылған. Кітаптың аты айтып тұрғанындай, іріктелген жыр жолдарының тақырып арқауы да әр алуан. Адамның жан-дүниесі, сана-сезімі, көңіл-күйі, арман-аңсары сияқты сан-салалы арналардан өрілген өлеңдердің тілі тартымды ойы қанық.



Белгілі қазақ жазушысы Зейін Шашкиннің тандамалы шығармалар кітабына оның «Теміртай» (1960) және «Сенім» (1966) романдары енген. Қазақстан Магниткасының еңбеккерлері туралы баяндайтын «Теміртай» романының бас кейіпкерлері—жас металлургтер Дәмеш, Ораз және Қайыр. Олардың өзара қарым-қатрынастары өндірістік мәселелер аясында өрбиді. «сенім» романында ел мен жер тағдырына қатысты мәселелер, жерді көздің қарашығындай сақтау қажеттігі сөз болады.



Арпалысқа толы қым-қуыт өмірде 33 жыл ғана ғұмыр кешкен марат Нұрғалиев нағыз сайыпқыран қазақ еді. Прозашы, ақын, журналист, домбырашы, гитарашы, әнші, аудармашы, суретші. Әсіресе сатиралық туындылары кімді болсын елен